

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жұмыс сапарымен келіп, білім ордасының қызметімен және жас ғалымдардың жетістіктеріне арналған IT-старттар мен инновациялық жобалар көрмесімен танысты.

МИНИСТР ҚАЗҰУ-ДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАДЫ



Табиғи отынның бұл түрін өндіру өткен ғасырдың 85-жылдарынан бастау алған. Сутегі жанған кезде, ауағазиянды заттарды мұнай мен көмірге қарағанда аз бөледі. Сондай-ақ, ол табиғаттың сарқылмайтын қорларынан алынып, қалдықтары қайта өңдеуге

жарайды. Қазір факультет зертханасында күн энергиясын сутегіге айналдыру мөлшерін ұлғайтатын жаңа технологиялар сынақтан өтуде. Бұл тәжірибеде күн энергиясын алмастырушы шамдар қолданылады.

Жалғасы 2-бетте

Мемлекеттік грант арқылы білім беруге қатысты өзгерістер «Білім туралы» Заңға 2016 жылы енгізілген болатын. Сәйкесінше бірнеше жыл бұрын Парламент енгізген өзгерістерге сәйкес, грант бойынша оқыған студенттер оқуларын аяқтаған соң мамандығы бойынша мемлекеттік мекемелерде 3 жыл жұмыс істеуге міндетті болатын.

ГРАНТТЫ ӨТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛДІ

жоқ», – деп түсіндірді ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

2021 жылдың басында грантты өтеуге қатысты заң талаптары жеңілдетілді. Енді жоғары оқу орнында грант арқылы білім алған түлектер грантты мамандық бойынша бұрынғыдай тек мемлекеттік ұйымдарда ғана емес, жекеменшік мекемелерде де өтей алады.

Сонымен қатар жұмыспен өтеу мерзімі грант бойынша барлық 4 жыл көлемінде емес, тек белгілі бір уақыт аралығында ғана оқығандардың пайдасына қарай қайта қаралды. Мәселен, студент жоғары оқу орнының ақылы бөліміне түсіп, біраз уақыттан кейін жақсы үлгерімі үшін

мемлекеттік білім грантын иеленуі немесе керісінше, грантта оқып жүріп, ақылы бөлімге ауысуы мүмкін. Бұл жағдайда азамат қанша жыл грант арқылы оқыса, грантты дәл сол мерзімге сәйкес өтей алады.

«Бұған дейін мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған азаматтар грантты тек мемлекеттік ұйымдарда және 3 жыл көлемінде жұмыспен өтеуге міндетті болатын. Енді 2021 жылдан бастап икемді тәсіл қолданылады. Яғни биылдан бастап түлектер меншік нысанына қарамастан кез келген ұйымда және мемлекеттік тапсырыс бойынша тегін оқыған жыл көлеміне сәйкес грантты жұмыспен өтей алады», – деді Әділет Тойбаев.

www.gov.kz

ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА ИНСТИТУТЫ ЖАНЫНАН ҚАЗҰУ-ДЫҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ



2-бет

ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ БҰҰ ӨКІЛІМЕН КЕЗДЕСТІ



3-бет

ҚАЗҰУ ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІН КӨТЕРУГЕ МҮДДЕЛІ



4-бет

МИНИСТР ҚАЗҰУ-ДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨРМЕСІН ТАМАШАЛАДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Егер бұл тәжірибеден нәтиже шықса, болашақта Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде сутегін өндіру қолға алынады. Күнделікті пайдаланып үйренген, жанармай сияқты оны да сақтауға, қажет мөлшерде құйып алуға болады. Осы жоба бойынша факультеттің ғылыми оқытушысы, PhD докторы Батухан Татықаев жетекшілігімен үш докторант және алты магистрант жұмыс істеуде. Жоба жетекшісі Батухан Татықаев француз ғалымдарымен бірлесіп осы мәселені әлемдік деңгейде көтеріп отыр. «Табиғат қорларын пайдалану мөлшері жылдан жылға артып келеді, ал алдағы 70-80 жылда отын мен жанар май қорларының сарқылатыны белгілі. Бұл әлемге экономикалық қиындықтар туғызады және оның арты дүниежүзілік соғысқа айналуы мүмкін», деген жорамалын айтады жас ғалым. Оның мақсаты, әлемдік толық қор сарқылғанға дейін, күн және су қуатынан алынатын таза сутегі мөлшерін ұлғайтатын технологияны жасап шығару.

Физик-ғалымдар қонақтардың назарына Қазақстан нарығына енгізуге дайын бірнеше инновациялық әзірлемелерді ұсынды. Бұл өнімдердің бірі – газ разрядының көлеміне (плазмаға) нанобөлшектерді қосу негізінде жасалған, жоғары қарқынды люминесцентті газ шығаратын шам. Мұндай жоғары қарқындылықтағы энергияны үнемдейтін газ шығаратын лампалардың жекелеген өндіріс желісі үшін өзіндік құны төмен, жоғары жарық шығыны қыздыру лампаларының көрсеткішінен үш есе асады және энергияны тұтыну жеті есеге дейін төмендейді және люминесцентті лампалармен салыстырғанда нанобөлшектерді қосқанда жарық қарқындылығын бір жарым есеге арттырады. Орта және арнаулы білім беру мекемелерінде қолдануға және енгізуге дайын орта мектептер үшін электромагниттік құбылыстарды зерттеуге арналған зертханалық қондырғы болып табылады. Физика курсы бойынша оқу процесінде ақпараттық технологияларды қолданатын



инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешен пайдалану және тасымалдау кезінде әмбебаптығы мен ыңғайлылығына ие, қуат көзін қажет етпейді.

Covid-19 пандемиясының алдын алу және оның салдарын жою жөніндегі тиімді шешімдерді іздестіру жөніндегі жобалар бөлек таныстырылды. Қазақстандағы COVID-19 бойынша ахуалды болжамды бағалаудың зерттеу нәтижелері көрсетілді, эпидемияның таралуының қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді сценарийінің болжамды модельдері жасалды. IT саласында әрбір адамға өз денсаулығына қамқорлық жасауға және қадағалауға көмектесе отырып, медициналық көмекке жүгіну туралы ерте ескерту мақсатында күнделікті жазбалар түрінде COVID-19 симптомдарын қадағалауға көмектесетін TracerCov/Kz мобильді қосымшасы көрсетілді.

Биологтар мен химиктер өсімдік компоненттеріне негізделген өз әзірлемелерін көрсетті. Олардың ішінде ковид вирустық инфекциясының алдын

алуға арналған түймедақ пен жусан сығындылары бар антисептиктерді атап өтуге болады. Сондай-ақ, Қазақстанның өсімдік шикізатынан алынған жаңа табиғи қосылыстар негізіндегі вирусқа қарсы қасиеттерге ие ғана емес, адамның гормоналды тепе-теңдікті сақтау, репродуктивті, эндокриндік және жүйке жүйесін реттеу үшін қолданылатын әртүрлі табиғи мульти-қоспалар да бар.

Университет ректоры Ж. Түймебаев жас ғалымдардың қолынан шыққан бұл жобалар мен инновациялық технологиялар қазіргі таңда сынақтан өткен және коммерцияландыруға дайын өнімдер екенін атап өтті.

Өз кезегінде ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жастардың ғылым кеңістігінде үлкен табыстарға жететініне сенім білдіріп, ел экономикасын көтеретін инновациялық жаңалықтарды көбейту қажеттігін тапсырды.

Өз тілшімізден

ЯДРОЛЫҚ ФИЗИКА ИНСТИТУТЫ ЖАНЫНАН ҚАЗҰУ-ДЫҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛАДЫ



Институт ірі ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетке ие.

«Қазіргі таңда аталған салалар бойынша институт шетелдік байланысты одан әрі күшейту мақсатында ғылыми зерттеулерді бірлесіп жүргізуіне ерекше мән береді. Бұл өз кезегінде тәжірибе алмасуға кең мүмкіндік ашады. Институтта 700-дей адам жұмыс істейді, солардың ішінде 75-ке жуық ғылым докторы мен кандидаты бар. Осы ретте жас мамандар қатысатын ҚазҰУ-мен бірлескен үлкен ауқымдағы шара ұйымдастырсақ және

институт жанынан ҚазҰУ-дың филиалын ашып берсеңіздер деген ұсынысым бар», – деді ядролық физика институтының бас директоры Батыржан Қаракөзов.

Сондай-ақ, кездесу барысында тараптар ғылым дамуының басқа да бағыттарын талқылап, ректор Жансейіт Түймебаев институт басшысына алдағы уақытта бірлесе атқаратын жұмыстар бойынша ынтымақтастық жобасын дайындауды ұсынды.

Гүл БАЯНДИНА

■ QYSQA-NUSQA

Biologia және biotechnologia fakültetiniñ, biofizika, biomedicina және neurogylymdar kafedrasynnda «Biomedicina» 2-kýrs stýdentterimen birge «Almaty – arman qala» taqyrybynda kýratorlyq saǵat ótti. Ís-sharaǵa kafedramyzdyñ oqytýshylary qatysty.

Almaty, bul – bizdiñ Táýelsizdikke qol jetkizgen, Qazaqstandy búkilálemdik qaýymdastyqqa tanyamal etken qala. Almaty – táýelsiz Qazaqstannyñ tuńǵysh astanasy, qoǵamdaǵy demokratianyñ alǵashyq tamyrlarynyñ besigi – elimizdiñ qoǵamdyq sarası jáne mádeni ómiriniñ ortalyǵy boldy jáne solai bolyp qala beredi. Óner men bilimniñ qainap jatqan ordasy, ádebiyet pen mádeniettiñ oshaǵyna ainalǵan, talai jastyñ kókierek kózin ashýǵa jol nusqaǵan, talai qairatkerlerdi, talantty taý tulǵalardy tárbelegen, aialy alaqańǵa salyp áldilegen sulý qala – Almaty.

Ís-shara sońynda kafedra meńgerýshisi, b.ǵ.k., profesor A.M.Kýstybaeva, oqytýshy, b.ǵ.k., dosent N.T.Ablaihanova, b.ǵ.k., aǵa oqytýshy M.S.Kýlbaeva, b.ǵ.k., aǵa oqytýshy G.Q.Atanbaeva sóz sóleip, Almaty- bilim, ǵylym, mádeniet ortalyǵy. Biz Almatyny kórkeiptip, damytý úshin bilimdi jáne bilikti maman bolýymyz kerek. Almaty qalасыn aldaǵy ýaqytta da barlyq jaqsy jaǵynan búkil álemniñ tanıtynyna biz kámil senemiz. Oqytýshylar qaýymy stýdentterge alǵysyn aıtyp, sáttilik tiledi.

A.M.MÝHITDINOV,
geografia jáne tabiǵatty pıdalaný fakúlteti,
Turaqly damý boyınsha IÝNESKO
kafedrasynyñ aǵa oqytýshysy

N.M. SEIDALIEVA,
biofizika, biomedicina jáne
neurogylymdar kafedrasynyñ oqytýshysy

«Rýhanı jańǵyry» baǵdarlamasyn iske asyry aiasynda stýdentter arasynnda salaýatty ómir saltyn ustaný, nashaqorlyqqa qarsy destrýktivti minez-qulyq daǵdylaryn qalyptastyry úshin Almaty qalасыndaǵy JITS-tiñ aldın alý jáne oǵan qarsy kúres júrgizý ortalyǵynyñ áleymettik dárigeri Úsenýl Madına, QazUÝ stýdentterimen «AITV-infektsiasynyñ aldın-alý» taqyrybynda onlain-kezdesý ótkizdi.

Bul jıyn AITV-infektsiasyn juqytрмаý joldary týraly bilim deńgein arttyry, onyñ aldın alý sharalarymen tanystyry jáne adamnyñ imýnitet tapshylyǵy kezeńinde virýsty juqytрмаýdyñ amaldary men AITV-infektsiasyn juqytırǵan naýqastarǵa durys kózqarasty qalyptastyry maqsatynda ótkizildi.

Atalǵan sharaǵa QazUÝ-dyñ halyqaralyq qatynastar fakúlteti, zań jáne halyqaralyq biznes ýniversitetiniñ «Logistika» mamandyǵynyñ stýdentteri qatysty.

Kezdesý barısynda JITS ortalyǵynyñ ókili virýstyñ taralı joldary, onyñ adam aǵzasynda damý erekshelikteri, aldın-alý sharalary týraly egiei-tegieili aıtyp, tegin tekserýden ótyge bolatyndyǵyn atap ótti. Tyńdaýshylar adamnyñ imýnitetin joiatyn qaterli dert pen onyñ adam aǵzasyndaǵy damýyna qatysty kóptegen paidaly jáne qajet aqparat aldy. Sondai-aq onlain jıyn barısynda árbir tyńdaýshy salaýatty ómir saltyn ustanýda negizgi jaýapkershilik ár adamnyñ ózine júkteleindigi jóninde oi túiip, taqytırpa erekshe qyzyǵyshylyq tanytqan stýdentter óz baiandamalaryn usyndy.

Старший преподаватель кафедры теплофизики и технической физики КазНУ Р.К. Манатбаев объявлен победителем конкурса фонда Assyltas-2021 в номинации «Наука»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ КеАҚ Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаев БҰҰ Ғаламдық коммуникация департаментінің Қазақстандағы өкілі Властемил Самекпен кездесіп, БҰҰ-ның Қазақстандағы құрылымдарының «Академиялық ықпал» Ғаламдық хаб (UNAI) бағдарламасы бойынша өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ адам құқығы, сауаттылығы, тұрақты даму және қақтығыстарды шешу сияқты БҰҰ-ның әлем таныған он қағидасын қолдауға бағытталған «Академиялық ықпал» бағдарламасына Орталық Азия университеттері ішінде бірінші болып қосылды. ҚазҰУ-де 2014 жылы наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымының «Академиялық ықпал» ғаламдық хаб бағдарламасының ашылу салтанаты болды. Бұл бағдарлама әлем елдері арасындағы идеялар, тәжірибе, пікір алмасуға арналған талқылау алаңы қызметін атқарады. Академиялық ықпал – зияткерлік әлеуметтік жауапкершіліктің жаңа мәдениетін ілгері жылжыту үшін ақыл-ойды ғаламдық қозғалысқа бағыттау. ҚазҰУ бүкіл адамзатқа ортақ аса маңызды проблемаларды шешуге жаһандық академиялық қауымдастықты тартып, жан-жақты қолдау көрсетеді. Университет ғалымдары жасаған ғылыми зерттеулер мен эксперименттерінің нәтижелері тұрақты даму идеяларын ілгерілетуге едәуір ықпал етуде.

– Біздің университет БҰҰ-ның он қағидасында көрсетілген принциптерге бағытталған «Академиялық ықпал» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп жатыр, әрі қарай жалғастыра беруге дайын. Мүмкіндіктеріміз де бар. Осындай бейресми жағдайда кездесіп, бұрын келісілген, қол қойылған барлық

АҚШ-тың Уейн университетінің профессоры, математик ғалым Уалбай Өмірбаев пен Ұлыбританиядағы Кембридж университетінің профессоры, нейробиолог Базбек Дәулетов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәріс оқуға келісімін берді.

Жоғары оқу орны оқытушылар мен студенттердің халықаралық ынтымақтастығын, академиялық қарым-қатынасын арттырып, оқытушылар құрамын күшейту мақсатында шет елдердегі белгілі, беделді ғалымдарды университетке тартуды жүйелі жолға қоймақ.

Уалбай Ұтмаханбетұлы – қазіргі сәтте Детроит қаласында тұрады. Америка математика қоғамының жоғары дәрежелі «Мур» сыйлығының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Ол 30 жыл жауабын таба алмаған атақты жапон математигі М. Нагатаның, сондай-ақ ағылшын математигі П. Конның есебін шешіп, әлемді мойындатқан ғалым.

Еңбек жолын 1986 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен бастаған. 1993-2007 жылдары Испания, Канада, Вашингтон, Мичиган, Кливлен, Майами жоғары оқу орындарында, Францияның Марсель-Люмини атындағы математика орталығында, Германияның Макс Планка атындағы математика институтында жұмыс істеген.

ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ БҰҰ ӨКІЛІМЕН КЕЗДЕСТІ



бағыттарды дамытуымызға болады. Академиялық ықпал мәселесі бойынша Сіздің тәжірибеңіз мол, біз соны қолдап әрі қарай дамытуға тиіспіз. Бұл бағытта барлық мәселелер бойынша ақылдасып, алдағы уақытқа өзіміздің нақты жоспарлар мен іс-шаралардың жобаларын жасау үшін жиі кездесіп тұру керек сияқты. Халықаралық ынтымақтастықтың шетелдік тәжірибесі біз үшін өте маңызды. ҚазҰУ БҰҰ-ның Хабы болуының өзі үлкен бедел, бізге деген БҰҰ-ның сенім артуы деп түсінеміз, – деді өз сөзінде ректор Жансейіт Түймебаев.

БҰҰ өкілі Властемил Самек университетпен ұзақ жылдық ынтымақтастық үшін ректорға ризашылығын білдірді. Ол 2006 жылдан бері ҚазҰУ-мен жақындығын және университет пен БҰҰ-ның белсенді, тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келе жатқанын айтты.

–ҚазҰУ-дың тұрақты даму саласындағы көпжылдық жоспарлы жұмысы, ғылыми-білім беру әлеуеті мен ЖОО-ның жетістіктері БҰҰ таңдауына

қатты ықпал етті. UNAI хабының ҚазҰУ-да ашылуы – бұл беделді халықаралық ұйымның жоғары дәрежедегі сенімінің, бүкіладамзатөркениетінің жаһандық даму тренді болып табылатын университеттің тұрақты даму саласындағы жетекші рөлінің дәлелі. ҚазҰУ жаһандық хаб ретінде төртінші мерзімге қалдырылды. Әрине, лайықты болған соң, бұл әрбір ЖОО-ның қолынан келмейді, – деп атап өтті Властемил Самек. – Жақында, 2 наурыз күні Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде БҰҰ-ға кіргеніне 29 жыл толуын атап өтті. Менің құттықтауымды қабыл алыңыздар. БҰҰ басшылығы үнемі алдыңғы қатардан табылатын сіздердің университетіңізге риза. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та БҰҰ-ның үлкен мінберінен Алматыны БҰҰ-ның көпжақты дипломатияның өңірлік хабына айналдыру ниетін білдіргенін білесіздер. Университеттің шаңырағы астында көптеген пайдалы, игі істер жүзеге асырылуда. Тағы бір маңызды жұмыс – жастарға бағытталған БҰҰ

2030 стратегиясына дайындық. Айта кетейін, Сіздердің университеттеріңіз халықаралық шараларға маманданған. Қазақстандағы БҰҰ өкілдігінің және Алматыдағы АҚШ Бас консулдығының қолдауымен ҚазҰУ «БҰҰ Моделі – Жаңа Жібек жолы» әлемдік студенттік бағдарлама-ойындарының бір бөлігі болды. Осы бағытқа көп көңіл бөліп, бізге қолдау көрсетіп бірге жұмыс істеп жатқандарыңыз үшін Сіздерге тағы да алғыс айтамын. Бізде әртүрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады, Сіздерді қонақ ретінде соларда көргім келеді.

Кездесуді қорытындылай отырып, ҚазҰУ ректоры жоғары мәртебелі қонаққа өз алғысын білдірді және студенттермен онлайн-кездесу ұйымдастырып БҰҰ-ның жаһандық мәселелері мен жобалары туралы әңгімелеп беруге шақырды. Жансейіт Қансейітұлы ҚазҰУ-да университет студенттері үшін танымал шетелдік ғалымдар мен көрнекті қайраткерлердің дәрістер легі басталғалы отырғандығы туралы хабарлады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

УЭЙН, КЕМБРИДЖ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ ҚАЗҰУ-ДА САБАҚ БЕРЕДІ



Енді ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде сабақ беретін болады.

Ал Нобель сыйлығының 12 лауреаты шыққан әйгілі Кембридж Орталық институтының 15 жылдан бері молекулалық биология зертханасын басқарған, ТМД елдерінен шыққан жалғыз ғалым Базбек Дәулетов – қырғыз азаматы. Мәскеу

мемлекеттік университетін бітірген, Техас оңтүстік-батыс университетінде ғылыми жұмыстармен айналысып, докторлық жұмысын қорғаған.

Тоқсаныншы жылдардың ортасында Лондондағы Империялық колледжде шақырылып, 1997 жылы 120 адам қатысқан байқаудан жеңіп шығып, Кембридж

университетінің зертхана меңгерушісі болды. ДНК, антитела, протеиндерді ашқан, нейробиология саласындағы ірі ғалымдардың бірі. Бүгінде Базбек Дәулетов Шеффилд университетінің профессоры.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың айтуынша, алдағы уақытта басқа да шет елдік және қазақстандық белгілі ғалымдар университетке дәріс оқуға шақырылатын болады.

Әйгілі ғалымдардың таңдаулары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға түсуі бекер емес. ҚазҰУ таяу және алыс шет елдерден келіп оқитындар үшін білім беру қызметтерінің экспорт орталығы саналады. Университет QS World University Rankings рейтингі бойынша 165-ші орынды иеленіп отыр. Биыл Еуропалық ғылыми-енергетикалық палатасының «AA+» жоғары бағасын алып, Еуропадағы жетекші университеттердің қатарына қосылды. ҚазҰУ бұл жетістіктерге бірнеше буынның және университеттегі бүгінгі ғалымдардың шығармашылық еңбектері мен белсенділіктері арқасында жетіп отыр.

Өз тілшімізден

26 наурызында Ресей халықтар достығы университеті шет тілдері институтында (Мәскеу) XIII Халықаралық «Қазіргі тіл білімі және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері» атты бүкілресейлік ғылыми-әдістемелік конференция өтеді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы сапармен келген Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша QS аймақтық директоры Сергей Христюбов Басқарма төрағасы – ректор Жансейіт Түймебаевпен кездесіп, алдағы уақыттағы ынтымақтастық бағыттарды талқылады.

ҚАЗҰУ ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГІН КӨТЕРУГЕ МҮДДЕЛІ



«ҚазҰУ QS рейтингінде едәуір ілгері жылжыды, өткен жылы 165 орынды иеленуі – жоғары бәсекеге қабілеттілігінің дәлелді көрсеткіші, демек бұл шетелдік студенттер мен профессорларды, жергілікті талапкерлерді, сондай-ақ сенімді әріптес ретінде шетелдік жоғары оқу орындарын тартуға ықпал етеді», – деді ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев.

«Ғаламдық жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды даму үлгісін көрсете отырып, университет 9 жыл ішінде шамамен 500 орынға алға жылжығаны бізді қуантады. Соңғы жаңалық, ағымдағы жылдың 3 наурызында әлемнің 1200-ден астам университеттерін бес пәндік

бағыт бойынша сарапталған «QS World University Ranking by Subject 2021» пәндік рейтингінің нәтижелерін шығарды. Онда ҚазҰУ өзінің көрсеткіштерін жақсартып, позициясын нығайтты. Өткен жылмен салыстырғанда университет «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» пәні бойынша өз көрсеткіштерін 277-ден 156-шы орынға, «Әлеуметтік ғылымдар және менеджмент» пәні бойынша 351-ден 257-ші орынға көтеріліп, оң нәтижеге қол жеткізді. Қазақстандық университеттер арасында жетекші орынды иеленетін ҚазҰУ енді алдағы уақытта 11 пәндік бағыт бойынша өтетін рейтингке қатысады. Одан бөлек жақын арада біз QS Stars нәтижелерін жариялайтын боламыз. Аталған рейтингте де ҚазҰУ көшбасшылығын дәлелдеп, алғашқылардың қатарынан көрінеді деп сенемін», – деді Сергей Христюбов.

Сондай-ақ, кездесу барысында QS аймақтық директоры Сергей Христюбов, қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруда ғылымға баса мән беру қажеттігін айтты, еліміздегі университеттердің әр саладағы

жетістіктері мен нәтижелеріне тоқталды және QS-тегі рейтингтік бағалау бағыттары жөніндегі мәліметтермен бөлісті. QS World University Ranking by Subject рейтингінің әдістемесі төрт негізгі көрсеткішке негізделген: академиялық бедел, жұмыс берушілер арасындағы бедел, ғылыми мақалаларға сілтеме және Хирш индексі. Сонымен қатар рейтингке кіретін сапалы көрсеткіштерге: түлектердің сұранысқа ие болуына, дайындығына, бәсекеге қабілеттілігі мен беделіне, ұлттық және әлемдік танымалдылығына, университеттің ғылыми мектептері (теоретикалық және қолданбалы) және қызмет бағыттарының, жетекші оқытушылардың тиімділігіне ерекше назар аударылады.

Жұмыс сапары аясында QS өкілі, сондай-ақ, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының қызметкерлерімен кездесіп, қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі бойынша баяндама жасады.

Өз тілшімізден

Центр Мухаммеда Али Джинна на факультете востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби был официально открыт 9 июля 2019 года при финансовой поддержке Ассоциации КАЗ-ПАК. 10 марта 2021 года Центр Мухаммеда Али Джинны был отремонтирован при поддержке Исламской Республики Пакистан, дополнен техническими и учебными материалами в современном инновационном формате.

ОБНОВЛЕНИЕ ЦЕНТРА МУХАММАДА АЛИ ДЖИННЫ



В ходе встречи было отмечено, что укрепились в дипломатической, торговой-экономической, культурной и языковые образовательной сферах связи между Республикой Казахстан и Исламской Республикой Пакистан момента обретения Республикой Казахстан независимости.

Все участники выразили уверенность в том, что Центр Мухаммеда Али Джинны послужит расширению культурного сотрудничества и укреплению дружеских отношений между двумя странами.

В завершение встречи декан факультета Ықтияр Палторе поблагодарил за поддержку в оснащении Центра современными подходами. Пакистанских гостей поблагодарили от имени администрации и сотрудников университета и вручили памятные подарки.

Следует отметить, что установление дипломатических и консульских отношений во время официального визита Первого Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева в Исламскую Республику Пакистан 24 февраля 1992 года было важным шагом. В настоящее время на факультете изучают урду 15 студентов. Планируется, что в ближайшее время студенты и преподаватели урду поедут в Пакистан для языковой практики.

Соб. корр.

В КазНУ прошла онлайн-встреча студентов с социальным врачом Центра по профилактике и борьбе со СПИД г.Алматы Мудиной Усенкул, которая прочла лекцию на тему «Профилактика ВИЧ-инфекций»

На факультете журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби прошла Международная научно-практическая онлайн-конференция «Новый медиаландшафт XXI века», посвященная памяти основателя телевизионной и радиожурналистики в Казахстане, профессора Марата Карибаевича Барманкулова, заложившего основы научной школы журналистики в Казахстане, внесшего значительный вклад в развитие национального телевидения и радиовещания, наставника многих поколений журналистов Казахстана.



В конференции приняли участие родные и близкие М.К. Барманкулова, его сестра Баян Карибаевна, его дочь – Алуа Барманкулова, ученики профессора, друзья, коллеги, единомышленники, исследователи журналистики, массовых коммуникаций, специалисты СМИ, студенты, магистранты и докторанты факультета журналистики.

Марат Карибаевич Барманкулов-Танкин занимает большое место в жизни каждого, кто имеет отношение к журналистике. Как профессор, преподаватель и практик он проник в душу и сердце благодарного студенчества, потому что любил и превосходно знал свою науку-журналистику.

Он родился 13 февраля 1937 года в городе Талгаре Алма-Атинской области. В 1954 году он поступил на отделение журналистики филологического факультета Казахского Государственного университета им. С.М. Кирова. После окончания в 1959 году работал на Алма-Атинской студии телевидения: сначала корреспондентом, затем редактором, комментатором. В 1961 году поступил в аспирантуру факультета журналистики МГУ им. М.В. Ломоносова. После окончания аспирантуры в 1964 году М.К. Барманкулов успешно защитил кандидатскую диссертацию в МГУ и с 1965 года работал на факультете журналистики КазГУ до 2000 года.

В 1980 году М.К. Барманкулов защитил докторскую диссертацию в МГУ им. М.В. Ломоносова, получив звание доктора филологических наук. Это была первая докторская диссертация по журналистике, защищенная в Москве, в МГУ. Марат Карибаевич – доктор филологических наук, профессор, академик, основатель телевизионной и радиожурналистики в Казахстане. М.К. Барманкулов был основателем Института мировой журналистики и литературы в 1990-х годах. Создал Международную Академию Евразии, был ее вице-президентом.

Он многое сделал первым: Он в 1959 году – один из первых комментаторов и репортеров Казахского телевидения, он был первым журналистом, который вел репортаж

через ПТС – передвижную телевизионную станцию. Первый аспирант-казах факультета журналистики МГУ им. М.В. Ломоносова. Первый, кто защитил докторскую диссертацию в МГУ по теме «Сравнительный анализ жанров печати, телевидения и радиовещания». Первый основал в 1972 году кафедру телевизионной и радиожурналистики и был ее несменным руководителем, заведующим кафедрой до последних своих дней.

Марат Карибаевич Барманкулов (1937-2000 гг.) в родном университете проработал свыше 35 лет. С 1965 года прошел путь от ассистента кафедры до доктора филологических наук, профессора, декана очного и заочного факультетов журналистики. Первые книги М.К. Барманкулова «Репортаж на радио и ТВ», «Весь мир у вас в квартире», «Журналистика для всех» являются настольными книгами и для нынешнего поколения студентов-журналистов XXI века.

Марат Карибаевич Барманкулов – академик Казахстанской Академии журналистики, выдающийся ученый, телепублицист, автор многих книг по журналистике и массовой коммуникации, культурологи, тюркологии. Его книги о телевидении: «Возможности космического ТВ» (1997 г.) и «Телевидение: деньги или власть?» (1998 г.) рассказывают о новых тенденциях телевидения в мире и в Казахстане, о появлении коммерческих телерадиокомпаний в начале 1990-х. Он первый из казахстанских исследователей стал изучать появление Интернета в Казахстане и его влияние на электронные СМИ, на развитие общества.

М.К. Барманкулов автор свыше 20 монографий по журналистике, телевидению, культурологии,

тюркологии. Диапазон творческих и научных интересов профессора М.К. Барманкулова велик и многогранен. В 1990-х годах Марат Карибаевич свой научный интерес направил на изучение тюркской истории, тюркских корней, работая в библиотеках Москвы, Стамбула, Сеула.

Под его пером заговорили архивы, древние рукописи, летописи. – «Откуда было знать, что царем России был при Иване Грозном некий Бекбулатович? Кто и где писал, что главой Касимовского царства Борис Годунов назначил принца из Казахстана? Кто мог предположить, что у тюрков уже в VII веке было свое издательство? Что они разработали два своих собственных алфавита? Что тюрки связаны с культурами Хараппы и Элама?»

Об этом говорят его книги: «Хрустальные мечты тюрков о квадронации», «Золотая баба», «Тюркская Вселенная. Евразийство во всем и всегда», «Хан... Иван», «Наследники белого лебеда. Тюркские корни русских писателей», «Этот многополюсный мир» и многие другие. Последнее десятилетие XX века он исследовал Евразию, тюркологию. Результатом его поисков, глубоких размышлений о смысле бытия стали его книги. Марат Карибаевич отмечал, что «таланты и знания, впитываемые в процессе общения и симбиозного проживания на одной территории с другими народами, передаваясь из рода в род и совершенствуясь, не просто влились в гены мононации, они подняли ее на новый уровень цивилизации».

Он внес огромный вклад в подготовку журналистских кадров в республике. М.К. Барманкулов создал свою научную школу, которая развивается в лице нынешних профессоров, доцентов: С. Ахметовой, Г.Ж. Ибраевой, С.Х. Барлыбаевой, Ш.И. Нургожиной,

К. Кабылгазиной, К.Ж. Турсына, А.А. Молдабекова, Ш. Нуржановой, Д. Шорохова, Г. Байкеновой и многих других.

«Он в 1989 году взял с собой молодых сотрудников кафедры на Международную конференцию в Москву, в МГУ им. М.В. Ломоносова и гордо представлял всех нас московским коллегам. Там мы познакомились с ведущими профессорами МГУ, авторами многих книг и учебных пособий по аудиовизуальной журналистике: В.Н. Ружниковым, В.Л. Цвиком, И.Н. Тхагушевым, А.А. Юровским, Р.А. Борецким, которые являются основателями телевизионной и радиожурналистики Советского Союза», – поделилась воспоминаниями профессор Сауле Барлыбаева.

Марат Карибаевич был генератором новых идей, проектов, книг, конференций. На протяжении 40 лет Марат Карибаевич был исследователем, наставником, преподавателем, творческой личностью, добрым, чутким и отзывчивым человеком, совестью факультета. Он был ответственен за судьбу своих друзей, коллег, учеников.

Ежегодно в день его рождения на факультете журналистики в КазНУ проводятся, ставшие традиционными, «Барманкуловские чтения». В этот раз были проведены 20-тые «Барманкуловские чтения».

Ученики, единомышленники профессора Марата Карибаевича Барманкулова продолжают его дело уже в XXI веке.

Сауле БАРЛЫБАЕВА,
профессор

ТРАДИЦИОННЫЕ «БАРМАНКУЛОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЙҚАУ!

- Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер;
- Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс және мамандандырылған ғылым бойынша 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурс өткізетіні жөнінде хабарлайды.

Конкурстық құжаттама және өтінімді рәсімдеу жөнінде түсіндіру жұмысын жүзеге асыруға жауапты тұлғалар: +7 (7172) 70-95-46, 70-95-00, ішкі 31-219, 31-224, 31-375, 8-771-537-61-61 Модахметова Алия Ерлановна, 8-701-734-23-29 Туганбаева Тлеужан Ермековна,

8-707-131-97-77 Джуасбаева Аксауле Каламхановна,
8-705-582-93-53 Дукомбайев Азамат Талгатович.

Өтінімдерді тіркеу және ЖТН (жеке тіркеу нөмірі) алу үшін «ҰМҒТСО» АҚ ақпараттық жүйесімен (is.ncste.kz) жұмыс істеу бойынша Call center: 8-727-355-50-01 (ішкі номер 210, 216, 217, 218, 219, 221, 224, 226, 227, 228, 229, 231, 232, 233, 234, 235, 236).

Жұмыс уақыты: дүйсенбі – жұма, сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, түскі үзіліс: сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін.

Бағдарлама жетекшісі және өтінім берушінің электрондық цифрлық қолымен расталған конкурстық өтінімдер БҒМ Ғылым комитетіне электрондық түрде «ҰМҒТСО» АҚ ақпараттық жүйесіндегі <https://is.ncste.kz> сілтемесі арқылы беріледі.

Өтінімдерді қабылдаудың басталуы – 2021 жылғы 4 наурыз.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі – 2021 жылғы 17 сәуір (қоса алғанда).

ҚазҰУ-да сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) ресертификаттау аудиті сәтті өтті. Аудиттің мақсаты – университет СМЖ-нің ISO 9001:2015 халықаралық стандарттары талаптарына сәйкестігін тексеруге бағытталған. Ресертификаттау аудитін «Русский Регистр» сертификаттау қауымдастығының аудиторлары жүргізді.



Аудиторлар университеттің барлық салалары мен қызмет бағыттарының бизнес-процестерін реттейтін жаңа құжатталған процедураларды жасау және оларды қолданысқа бейімдеу бойынша көптеген жұмыстар жүргізілгенін атап өтті. Университеттің сапаға жауапты тұлғалары тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау және басқару процестерінің негізін жасап, оларды жүзеге асырған. Жалпы процестік менеджментке және бизнес-процестерінің нәтижелі болуына барлық қызметкерлердің тартылғандығы аудиторлардың ерекше назарын аударды. Университет қызметінің барлық бағыттары бойынша, мақсатты көрсеткіш-индикаторлары индикативті жоспарлау жүйесінде нақты анықталған және табысты жұмыс жасауда. Рейтинг

жүйесі – оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттер қызметінің нәтижелілігін бағалау құралы болып табылады. Аудит барысында индикативті көрсеткіштер жүйесі кафедралар мен факультеттер деңгейіндегі жұмыстарға егжей-тегжейлі SWOT талдау жүргізуде және оның негізінде одан әрі жетілдіру жоспарларын жасау үшін де тиімді қолданылатындығы байқалды.

«Русский Регистр» сертификаттау бірлестігінің аудиторлары жүргізген ресертификаттау аудитінің нәтижелері бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің процестік менеджменті ойдағыдай іске асырылып, университеттің сапа менеджменті жүйесі ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес екендігі анықталды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымын ресертификаттау аудитінің сәтті аяқталуымен құттықтаймыз және болашақта сәттілік тілейміз!

Өз тілшімізден

Түрлі салалар бойынша келешек мамандарды даярлайтын университеттер мен сол мамандарға тапсырыс жұмыс беруші мекемелер мен өндіріс орындарының тығыз байланысы – өзекті мәселелердің бірі. Бұл мамандарға қоғамдық сұраныс пен оның қамтамасыз етілуі арасындағы тепе-теңдікті сақтауды көздейтін мемлекеттік деңгейдегі мәселемен ғана шектелмейді.

ФИЛОЛОГИЯ САЛАСЫ МАМАНДАРЫНЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН ОНЛАЙН-ДЕБАТ

жүзеге асуында өзіндік маңызы бар мәселе десек қателеспейміз. Өйткені мемлекеттік тіл – қазақ тілі екінші тіл немесе шетел тілі ретінде оқытылады. Және мемлекетіміздің үштілді саясат сыңары болып табылатын ағылшын тілі – шетел тілі. Онлайн-дебатқа өзек болған мәселе лингвистика саласындағы ғылыми-теориялық және әдістемелік пәндерде қарастырылуына орай университетте, ал жоғарыда аталған тілдердің екінші тіл немесе шетел тілі ретінде оқытылуына орай жалпы білім беретін мектептер, колледждер мен техникалық т.б. жоғары оқу орындары мамандары үшін де маңызды.

Дәл осы жағдай, осы ортақ мүдде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасында құрылған «Жас ғалымдар» клубының мүшелері – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығының I курс магистранттары мен Талдықорған қаласындағы №2 жалпы білім беретін мектептің Ж. Байқожа, А. Қабибоданова, С. Абишева, Қ. Сарсенова, А. Мырзагулова сынды ұстаздарының, Қарағанды қаласындағы №102 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен шетел тілдері мұғалімдерінің дебатта бастарын қосты. Дебатты «Компьютерлік лингвистика» мамандығының II курс магистранты Сейітбатқал Әрлен жүргізді. Тіл үйренушінің ана тілінен я екінші тілінен бірде-бір сөз айтылмайтын оқу ортасына толықтай енуіне және үйренілетін тілді оның грамматикасын тірек ету арқылы емес, тыңдау және сөйлеу арқылы оқуға бағытталған табиғи әдісті жақтаушы спикерлер – Өмірханова Диана, Тохтарбаева Нұршат таңдалған әдістің дұрыстығын қорғауда тілдерді үйрену тәжірибесінен алынған фактілер мен мысалдарды дәлел ретінде алға тартты. Қандай да бір тілді шетел тілі ретінде

оқытуда қолданылатын табиғи тәсілдің «Тіл – аса маңызды қарым-қатынас құралы» деген қағидамен үндестігі, тілдік тұлғаның ана тілін меңгеруі кезінде қандай да бір тілді делдал ретінде қолданылмайтыны негіздемеге ұсынылды. Сондай-ақ табиғи тәсілді жақтаушы спикерлер қытай тілінде бір-екі сөз ғана білетін мексикалық оқытушының қытайлықтарға онлайн форматта ағылшын тілін табиғи тәсілмен үйретудің айтарлықтай жемісті болғаны нақты факт ретінде алға тартты.

Қандай да бір тілді шетел тілі ретінде оқытуда қолданылатын аударма тәсілдің біздің еліміздегі маңыздылығын келесі спикерлер – Әбубәкір Ақмарал, Ерлан Ақмарал, Байзақова Шырынай т.б. дәлелдеді. Аталған спикерлер өз ұстанымдарының дұрыстығына қазақстандық қоғамдағы тілдік жағдаят және тіл үйренушілерге жүргізілген әлеуметтік сауалнама көрсеткіштеріне жасалған сапалық талдау нәтижелері арқылы сендіруге тырысты. «Тілді үйрене бастағанда жаңа сөздерді жаттау арқылы үйрендім» – 100%, «Тіл үйрену барысында сөздік қолданамын» – 88,2%, «Шет тілін меңгеру барысында бастапқы кезеңде өзіңізге таныс емес сөздің мағынасын сөздіктен қарау ыңғайлы» – 82,4%, «Шет тілін меңгеру барысында грамматикалық ережелерді түсіндіру қажет» – 100%, «Шет тілінің грамматикалық ережелерінің тіл үйренуші білетін тілдерде түсіндірілуі қажет» – 100%, «Екінші тілдің грамматикасын үйрену кезінде тілді меңгерушінің оны өз ана тілінің грамматикасымен салыстыруы» – 88,2%, «Белгілі бір ақпаратты меңгеріліп жатқан тілде жеткізу үшін алдымен ана тілінде ойланамын» – 64,7%, «Біздің мемлекетімізде тек шет тілінде (ағылшын, қытай, француз, т.б.) сөйлейтін табиғи ортаны табиғи ортаны

табу мүмкін бе?» мүмкін (5.9%), сирек кездеседі (70.6%), мүмкін емес (23.5%) деген сандық мәліметтер негізінде елімізде аударма тәсілдің басым жағдайда қолданысқа ие екенін көрсетті.

Дебат, өз кезегінде, қонақтары – Қарағанды және Талдықорған қалаларындағы жалпы білім беретін мектептердің ұстаздары тарапынан жоғары бағаланды. Талдықорған қаласының жалпы білім беретін №2 мектептің шетел тілінен сабақ беретін жас маманы Байқожа Жансая «көптілді аудитория болғандықтан тіл үйретуде аударма тәсілді қолдану мүмкіндігі шектеулі АҚШ сияқты шетелдерде табиғи тәсіл басты орын алатынын» айта келіп, дебаттың аса қызу тартыста өткенін, көтерілген мәселенің осы сала мамандары үшін маңыздылығын айта келіп, магистрант-спикерлерге сәттілік тіледі.

Әділқазы алқасында төрайымдық еткен әрі жоғарыда аталған мамандықты бітірушілерге жұмыс беруші мектептің директоры Байысова Ләйлә Жанатқызы өз тарапынан дебатқа түскен магистрант-спикерлердің өз ұстанымдарын дәлелдеудегі ғылыми ізденістерін, нақты фактілерді іріктеп ұсыну, статистикалық мәліметтер негізінде сапалық талдау қабілеттерін аса жоғары бағалады. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының қандай да бір тілді екінші тіл немесе шетел тілі ретінде оқытатын келешек мамандарды даярлаудағы жоғары құзыреттілігін, бірегейлігін атап көрсетті.

Аяужан ТАУСОҒАРОВА,
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

Старшие преподаватели кафедры иностранных языков факультета филологии и мировых языков провели со студентами воспитательное мероприятие «Мир английской еды»

КӨШБАСШЫ

ҚазҰУ – әрбір мектеп бітіруші түлектің ойланбастан таңдайтын және осында білім алатындығын мақтаншыпен айта алатын Қазақстандағы теңдессіз университет. Ол тек жоғары кәсіби білім беру ордасы ғана емес, сонымен қатар, ғылымды инновациялық түрғыда дамытудың ұлттық көшбасшысы.

Университеттің өзге де жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Мәселен, еліміздің жоғары оқу орындары арасында Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері болып тұңғыш рет Қазақ ұлттық университеті атанды.

Халықаралық QS рейтингтік агенттігінің зерттеулеріне сәйкес, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 165-орынды иеленіп, Қазақстандағы бірегей оқу орны болып отыр. Университет 180-нен астам гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық мамандықтар бойынша бакалаврларды, магистранттарды, докторанттарды дайындайды.

Университеттің кадрлық және материалдық жабдықтауы да жоғары сапа көрсетіп келеді. Оның көрсеткіші – ҚазҰУ-дың мыңдаған түлегінің Қазақстанның және оның аумағынан тыс жерлерде өндірістің барлық саласы бойынша табысты еңбек етіп, жетекші мамандарға айналуы. ҚазҰУ-дың студенттерге арналған көркем де жайлы қалашығы кез келген арман қуған жас талапкерді бей-жай қалдырмайтыны анық. Себебі, барлық жағынан толықтай қамтамасыз етілген студенттер қалашығы Орталық Азиядағы ең үлкен қалашық болып табылады. Университеттің барлық факультеті өз міндеттерін мүлтіксіз орындауда. Соның ішінде Философия және саясаттану факультеті еліміздегі әлеуметтанушы, саясаттанушы, дінтанушы, мәдениеттанушы, философ, психолог мамандарын дайындайтын жетекші кафедралардан құралған. Факультеттегі дінтану мамандығы жас, сондықтан да зерттеулерді көп қажет етеді. Сонымен қатар, әлем бойынша бүгінде дінге қатысты мәселелер ушығып тұрған тұста білімді мамандар да ауадай керек. Біздің факультет осы жолда табысты еңбек етіп келеді.

Н.К. ӘЛЖАНОВА,
PhD доктор

Д.Е. МАУСЫМБАЕВА,
*дінтану мамандығының
4-курс студенті*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады.

ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазіргі әлемдік пандемияға байланысты қашықтан білім берудің үздік технологиялары мен әдіс-тәсілдерін пайдаланып жатыр. Алғашқы оқу ағымында қашықтан білім беру барысында «Универ 2.0» жүйесі шәкірттің қолайлы білім алуына барлық жағынан тиімді болды деп айта аламыз. Универ жүйесіндегі қашықтан оқыту бөлімі үй тапсырмасын жүктеу және оқытушылардан кері байланыс алу барысында өте тиімді болды. Әсіресе, қысқы емтихан кезінде Универ жүйесіндегі емтихан кестесі және оған кіретін сілтеме, емтихан уақыты мен нұсқау ережесі барлығы бір жерге топтастырылып берілгені білімгерлер үшін ыңғайлы болды.

Кафедра оқытушылары қашықтан оқыту технологияларын толығымен меңгеріп, оларды теориялық және практикалық білім беру барысында барынша пайдаланғандығын айтқымыз келеді. Кафедра меңгершісі Мәдиева Гүлмира Баянжанқызы докторанттарға ғылыми бағыт-бағдар беріп, өз тәжірибесімен бөлісті. Бектемирова Сәуле

Экономика және бизнес Жоғары мектебінің «Қаржы және есеп» кафедрасы «Пандемия жағдайында бухгалтерлік есепті цифрландыру» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық онлайн конференция өткізді.

Аталған іс-шараны ұйымдастыру э.ғ.д., кафедра профессорының м. а. Сария Баймұханқызы Баймұханованың 70 жылдық мерейтойына орайластырылған және еліміздің жас ғалымдарының ғылыми-зерттеу әлеуетін дамытуға, сондай-ақ халықаралық деңгейде академиялық құрылымдар арасында тиімді пікір және озық идеялармен алмасуға бағытталған.

Конференция барысында университеттің бірінші проректоры М.М. Бүркітбаев, экономика және бизнес жоғары мектеп деканы Р.К. Сағиева, кафедра меңгерушісі А.З. Нұрмағамбетова және басқа да кафедра өкілдері сөз алып, тілектерін білдірді.

Жиынға қатысуға отандық және шетелдік ғылыми-академиялық топтардың өкілдері шақырылды. Спикерлер ретінде мерейтой иесінің ғалым-әріптестері, шәкірттері һәм курстастары сөз сөйледі. Олардың қатарында Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетінің э.ғ.д., профессор Н.А. Казакова, «МИФИ» ұлттық ғылыми-зерттеу ядролық университетінің э.ғ.к., доцент В.Г. Когденко, Өзбекстанның бухгалтерлер мен аудиторлар қауымдастығының төрағасы, э.ғ.д., профессор М.М. Тулаходжаева, Б. Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славян университетінің э.ғ.д., профессор Ч.А. Нұралиева, Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің э.ғ.д., профессор Э.У. Қулова, Еуразиялық экономикалық университет, Тұран университеті, Нархоз университеті мен Алматы Экономика және статистика академиясының өкілдері болды.

Сария Баймұханқызы ұстаз деген ұғымға лайықты тәлімгер ретінде, білім және ғылымның дамуына атсалысар ғылыми қайраткер ретінде, аяулы ана, ардақты же

Бекмұхамедқызы «Лингвистика тарихнамасы» және «Лингвистика саласында ғылыми-зерттеулерді жобалау» пәндері бойынша «Microsoft Teams» бағдарламасын тиімді пайдалана отырып дәріс жүргізді. Таусоғарова Аяужан Қайратқызы «Лингвистикадағы антропоцентристік парадигманың ғылыми доминанттары» және «Лингвистикалық философия» пәндері бойынша дәріс жүргізді. Лингвистика саласындағы соңғы жылдардағы жаңа зерттеулерді саралай келе, әр сабақ сайын докторанттарды қызықтыра отырып, лингвистика саласы бойынша терең іздене түсуге баулыды. Оқытушылар тарапынан ғылымға деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, үнемі әр түрлі ғылыми бағытта онлайн іс-шаралар ұйымдастырылуда. Дәлірек айтсақ, әлемдік журналдарға мақала берудің талаптары мен ережелеріне байланысты және сапалы ғылыми жұмыс жазудың қағидаларымен бөлісті. Жарияланым этикасы жайлы толық ақпараттар берілді.

ҚазҰУ сайтындағы жалпы ақпараттарды 9 тілде алуға болады. Бұл шетелдік студенттер үшін және өзге ұлт өкілдері үшін өте қолайлы болып табылады. Жүйедегі ғылым және инновация бөлімінде ғылыми журналдар

БАҒДАРЫ АНЫҚ БІЛІМ ОРДАСЫ

деген бөлімше арқылы білімгерлер көптеген ғылыми еңбектермен танысуда. Бұл бөлімде университеттің ақпараттық ресурстары, отандық және шетел зерттеушілерінің ғылыми зерттеулері жарияланып отырады. Мұндағы әр журналдың өзіндік мақаланы рәсімдеу жөнінде өзіндік талаптары бар. Талаптар журналдардың жеке сайттарында көрсетілген. 1992 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «ҚазҰУ Хабаршысы» журналын шығарады. Студент, магистрант және докторант студенттер онлайн режимде өткізіліп жатқан конференциялар мен ғылыми жобаларға белсене қатысып, онда ғылыми мақалаларын жариялауда.

Ойымызды қорытындылай келе, әрбір ғылым жолына түскен жас ғалымдар үшін, олардың жеке тұлғалық дамуы мен ғылым жолындағы талпынысына ҚазҰУ-да барлық мүмкіндіктің қарастырылғандығын айтқымыз келеді.

М. ЖАМБЫЛҚЫЗЫ,
доцент міндетін атқарушы

Д.С. ЕСАЛЫ,
1-курс докторанты

ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ



ретінде танылып келеді.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға.

Сария Баймұханқызы – кәсіби қызметін ұстаздықтың сара жолымен жалғастырып, бүгінгі күні көптеген түлектерді отандық және әлемдік бизнес ортасына баптап қосқан құрметті ұстаз. Сонымен қатар өзі оқытып тәрбиелеген шәкірттерінің де ұстаз ретінде қалыптасуына өнегелі үлгі бола білген тәлімгер.

Сария Баймұханқызын еңбек жолында сапалы білім беріп, саналы ұрпақты тәрбиелеп, білім саласына өзінің орасан зор үлесін қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз деп айтуға болады.

Сария Баймұханқызы – білім мен ғылымның дамуына үлес қосқан ғылыми

қайраткер. Білім беру барысында оның жетекшілік етуімен көптеген диплом жұмыстары, магистрлік, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Еңбек жолында 100-ден астам мақалалары жарияланып, оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Әрдайым ұжым ортасында қол ұшын созып, көмек бере алатын еңбек ұжымындағы сыйлы тұлға. Сонымен қатар қашанда студенттер арасында табыла білетін сыйлы әдвайзер, тәлімгер.

Олай болса, Қазақ елінің білім саласына қосқан сансыз еңбегі еленіп, бүгінде 70 жасқа толып отырған ұлағатты ұстаз – Сария Баймұханқызын мерейтойымен шын жүректен құттықтап, денсаулық, ұзақ ғұмыр, әулетіне баянды бақыт тілейміз!

Ж.К. ЖОРАБАЕВА,
э.ғ.к., доцент м.а.

Философия және саясаттану факультетінің жалпы және қолданбалы психология кафедрасы «Отбасындағы және қатынастағы зорлық-зомбылық туралы әр адам нені білуі керек?» атты өткізеді



На филологическом факультете КазНУ имени аль-Фараби с 2014 года действует образовательная программа «Флагман» («Американские советы по международному образованию»). Студенты-американцы из разных университетов в течение учебного года углубленно изучают русский язык, посещают занятия вместе со студентами-казахстанцами, общаются с языковыми партнерами, живут в казахстанских семьях и проходят практику по своим профессиональным и личным интересам.

Встреча культур



Польза такого обучения для американцев очевидна: они шутят, что к концу учебного года лучше говорят и пишут по-русски, чем по-английски, ведь русский язык окружает их каждую минуту. Можно поговорить на повседневные темы (а вы знаете, как на иностранном языке попросить отвертку или уточнить рецепт блюда?), можно поучаствовать в обсуждении тем по специальности (в рамках учебного семинара) или на равных общаться с коллегами, выполняя общую работу по проекту (во время производственной практики).

Что обычно поражает студентов-американцев в жизни казахстанских семей? Подчеркнутое уважение к старшему поколению, тесные семейные связи с близкими и далекими родственниками, традиция баловать маленьких детей (по мнению американцев, малышам слишком многое позволено) и строгий контроль за детьми постарше (у американских школьников больше самостоятельности), бережное отношение к продуктам питания (для его понимания нужно обратиться к истории).

Когда флагманцы идут на общие занятия со студентами-казахстанцами, для них оказывается непривычным, что лекции – это монолог преподавателя, что задавать вопросы желательно в конце занятия, что студенты встают, если кто-то входит в аудиторию. Общение с преподавателем также требует более высокого уровня формальности (в США есть преподаватели, которые разрешают обращаться к ним по имени). С другой стороны, казахстанские студенты не стесняются звонить или писать личные сообщения преподавателям, тогда как американцы стараются написать e-мэйл или дождаться офисных часов, если у них возникли вопросы. Как выражается уважение к преподавателям – хороший вопрос, чтобы сравнить американскую и казахстанскую культуры общения в университетах.

Производственная практика американских студентов проходит в разных учреждениях в зависимости от их специальности. В разное время студенты-международники работали в СМИ и в Департаменте международного сотрудничества КазНУ, биологи участвовали в научных проектах Института биологии и биотехнологии растений, психологи реализовали себя в мероприятиях Аутизм-центра «Асыл-Мирас», АВА-центра «Первые шаги» и Казахстанского фонда культурного, социального и образовательного развития, медики

получили ценный опыт в Центральной клинической больнице (Алматы), историк работали с материалами Центрального Государственного Архива РК, программисты разрабатывали ПО вместе со специалистами Института информационных технологий и инновационного развития КазНУ. Были практики в Государственном музее изобразительных искусств им. А. Кастеева, в Казахском государственном академическом театре драмы им. М.О. Ауэзова, в студии аудио-видео Studio 7. Так студенты знакомятся с культурой профессионального общения в русскоязычной среде и обмениваются своими наблюдениями, ведь знания, полученные на собственном опыте, особенно ценны.

ОСЕННИЕ ДИСПУТЫ

Интересно, что такое общение полезно и казахстанской стороне, ведь вопросы и удивление иностранцев помогают нам задуматься о привычных вещах, заметить новые черты в том, что казалось несомненным. Один из примеров общения, обогащающего всех участников, – совместные дискуссии казахстанских и американских студентов. Отдельные встречи в 2017 году переросли в регулярные учебные дискуссии, а потом по инициативе студентов был создан Клуб дебатов.

Этот год внес коррективы в привычный учебный процесс: и обучение, и общение казахстанских и американских студентов проходит в режиме онлайн. Но это дало новые возможности: осенние диспуты 2020 года организовывали два студента (американский и казахстанский студенты), которые заранее продумывали вопросы, повороты дискуссии и помогали друг другу в проведении беседы. Студенты открыли для себя, что важны не только данные, но и взгляд на них: зачастую американские и казахстанские студенты по-разному оценивают информацию, что дает повод задуматься о разнице культур и о своей позиции.

Американское общество намного менее однородно, чем может показаться со стороны, студентам из Висконсина всегда есть о чем поспорить со студентами

из Портленда или Лос-Анжелеса, и это стало открытием для казахстанских студентов, склонных скорее соглашаться друг с другом. Так же, как и поучиться культуре дискуссий у их американских сверстников.

Во время учебных дискуссий студенты обсуждают вопросы, связанные с учебными темами программы «Флагман», например, где границы познания, меняется ли культура общения в современных городах, ценности молодежи в динамичном мире, культурная идентичность и мультикультурность.

Большой интерес каждый год вызывает тема «Мы в системе образования», и дискуссия помогает студентам обратить внимание на то, что они хотели бы изменить в привычной системе, а также больше ценить положительные стороны, которые кажутся само собой разумеющимися.

Всех студентов беспокоит коммерциализация образования, когда университеты рассматривают обучение как успешный бизнес, а не заботятся о высоком уровне научной и преподавательской работы преподавателей, о гармоничном развитии студентов. Любопытно то, что казахстанские студенты привыкли обсуждать снижение уровня отечественного образования и что американские студенты думают то же самое об уровне образования в США, и это оказывается для них неожиданностью.

Студенты соглашаются, что требования к выпускникам меняются, но дипломы все еще помогают в трудоустройстве, и поэтому все нацелены закончить университет. Разница мнений проявляется по вопросу, когда надо поступать в вуз: казахстанцы, как правило, отстаивают идею, что перерыв в обучении между школой и вузом мешает поступлению, американцы же более настроены на самостоятельность и считают, что лучше сначала заработать на обучение, а потом учиться на свои средства.

Казахстанских студентов потряс пример одной из американских студенток, которая уже выпускается из университета, а ее отец в том же году только закончил выплачивать кредит за свое обучение. Многие задумались, стоит ли так критиковать отечественную

систему грантов и кредитов. Если для казахстанцев обучение в университете – способ найти свое место в обществе, сделать успешную карьеру, то среди американцев чаще встречается другое отношение: они говорят, что преподаватели должны заинтересовать студентов, приучить их стремиться к пониманию, к самостоятельному поиску и критической оценке информации. И казахстанские студенты начинают размышлять, что на самом деле ценно.

ЭРУДИЦИЯ И СИСТЕМНЫЙ ВЗГЛЯД

Особенность американского образования, которую студентам-казахстанцам хочется перенять, – две специальности, как у студентов программы «Флагман», которые получают степень бакалавра одновременно по основной специальности (биологии, математике, международным отношениям, программированию, др.) и по иностранному (русскому) языку. К слову, в КазНУ с советских времен были подобные программы обучения (физика с углубленным изучением английского языка, др.).

Американские студенты, в свою очередь, признались, что их впечатляет эрудиция и системный взгляд казахстанских преподавателей. Если в американских университетах больше ценят узких специалистов и глубокий анализ конкретных проблем, то в казахстанских вузах сохраняется традиция давать фундаментальное образование, чтобы студенты могли в дальнейшем выбрать из широкого спектра возможностей и специализироваться в определенном направлении, а для этого преподаватель должен следить за развитием как своей науки, так и смежных областей.

Год в Алматы становится поворотным в жизни американских студентов. Как они сами с юмором рассказывают, до приезда их знакомые в США спрашивают: «Куда ты едешь? В страну между Россией и Китаем? А там есть какая-то страна?» Но после года в Казахстане, благодаря флагманцам, всё больше американцев получают информацию о нашей стране из доброжелательного источника, окрашенную теплыми воспоминаниями о душевных вечерах с принимающей семьей, о веселых походах в горы с языковыми партнерами, о насыщенных занятиях в университете, о серьезной работе в команде профессионалов во время практики. «Казахстан много подарил нам, мы все выросли здесь», – призналась одна из студенток. «Я говорю о своем опыте не только для других, но и для себя, чтобы понять его», – продолжает ее одноклассник. И если в этом году физически американцы не находятся в Казахстане, то во время онлайн-занятий, бесед с принимающей семьей и языковыми партнёрами, общения с руководителями практики они входят в казахстанскую коммуникативную сферу.

Американцы, изменившись сами, меняют жителей США. Но это верно и для казахстанских студентов: соприкоснувшись с другим взглядом на мир, они задумываются о себе, о ценностях нашего общества и о пути, по которому мы пойдём. Ведь будущее нашей страны – в руках молодежи.

Татьяна ПШЕНИНА,

*к. филол. н.,
доцент КазНУ им. аль-Фараби*

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,

Светлана ӨМІРФАЛЕЕВА

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағыла ШҮРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., ал-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.

Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:

Svetlana.Umyrgaleyeva@kaznu.kz

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы www.kaznu.kz сайтына орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.